

"2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Жарқайың ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № А-2/32 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № А-7/266 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 тамызда № 4309 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № А-2/66 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 24.02.2016 № А-2/66 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабындағы 4 тармағының 8-1 тармақшасына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Жарқайың ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № А-2/32 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4023 тіркелген, 2014 жылғы 7 наурызда "Жарқайың тынысы", "Целинное знамя" газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының қосымшасы жаңа редакцияда қосымшаға сәйкес баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А. Үйсімбаев

№ А-7/266 қаулысына
 Қосымша
 Жарқайың ауданы әкімдігінің
 2014 жылғы 11 ақпандағы
 № А-2/32 қаулысымен
 бекітілді

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім ұйымының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		Бір айға тәрбиеленушіге орташа шығын бағасы (теңге)
			Республикалық бюджет	Аудандық бюджет	
1	Мемлекеттік мектепке дейінгі шағын орталықтар	240	-	-	-
	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	195	15905,8	1678,74	4000
	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	20	7953,4	799,0	2000
2	Бала бақшалар	25	22380,2	0	5940
	Жеке меншікті бала бақшалар	0	0	0	0
	Мемлекеттік бала бақшалар	25	22380,2	0	5940